

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 2 наурыз N 344. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 13 қазандағы N 235 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) *күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.03.15. N 168 Қаулысымен.*

2) "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат).

аталған қаулыға 1-қосымшада:

реттік нөмірі 2-жолда:

2-бағандағы "Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі" деген сөздер Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Аэроғарыш комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-бағандағы "байланыстың геостационарлық спутниктері орбиталарын пайдалану" деген сөздер алынып тасталсын;

реттік саны 4-жолда:

2-бағандағы "Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің жанындағы Атом энергиясы жөніндегі агенттік" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Атом энергиясын пайдалану объектілерін орналастыру, жобалау, құру,

пайдалануға енгізу, пайдалану, консервациялау және пайдаланудан шығару;
радиоактивтік қалдықтармен жұмыс істеу;
ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау;
ядролық және радиациялық қауіпсіздікті бақылау жөніндегі қызмет
к ө р с е т у л е р ;

радиоэкологиялық зерттеулер мен радиациялық оңалту жөніндегі
ж ұ м ы с т а р д ы жү р г і з у ;

ядролық жарылыстар өткізілген жерлердегі қызметтің барлық түрі;
ядролық материалдар мен радиоактивті заттарды Қазақстан Республикасы
аумағының шегінде тасымалдау (транзиттік тасымалдауды қоса алғанда);
атом энергиясын пайдалануға байланысты қызмет үшін қызметкерлерді,
мамандарды даярлау және аттестациялау;
арнайы қорғану құралдарын қолдану қажеттігінсіз оларды пайдалану үшін
жол берілетін нормадан асатын мөлшерде радиоактивті заттар бар өнімдерді
д а й ы н д а у және с а т у ;

радиоактивті заттар мен изотоптар пайдалана отырып рентген жабдығын,
аспаптарды және жабдықтарды әзірлеу, өндіру және сату".

р е т т і к с а н ы 5 - ж о л д а :

2-бағанындағы "Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір
өнеркәсібі министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Энергетика,
индустрия және сауда министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-баған "электр энергиясын қайта сату мақсатындағы сатып алу" деген
с ө з д е р м е н то л ы қ т ы р ы л с ы н ;

р е т т і к с а н ы 7 - ж о л д а :

3 - б а ғ а н д а :

бірінші абзацтағы "жарылу-өртеу қаупі бар тау-кен өндірістерін" деген
сөздерден кейін "электр станцияларын, электр желілері мен кіші станцияларын,
гидротехникалық құрылыстарды " деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацтағы "дайындау" деген сөздің алдынан "жобалау" деген сөзбен
толықтырылсын, "тау-кен-шахталық" деген сөздерден кейін "металлургиялық,
энергетикалық" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзац алынып тасталсын;

р е т т і к н ө м і р і 8 - ж о л д а :

2-бағанындағы "Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі
министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия
және сауда министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

р е т т і к с а н ы 14 - ж о л д а :

2-бағанындағы "Қазақстан Республикасы Экономика және сауда
министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі агенттігі

" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті деген сөздермен ауыстырылсын;

3-бағандағы "сату және прокатка беру" деген сөздер алынып тасталсын.

көрсетілген қаулыға 4-қосымшада

I т а р а у д а :

19-тармақтағы "тау-кен шахта" деген сөздерден кейін "металлургия, энергетика" деген сөздермен толықтырылсын;

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Өлшем құралдарын тексеру, шығару және жөндеу";

I I т а р а у д а :

7-тармақтағы "жарылу-өрттену қаупі бар және тау-кен өндірістерін" деген сөздерден кейін "электр станцияларын, электр желілері мен кіші станцияларын, гидротехникалық құрылыстарды" деген сөздермен толықтырылсын;

15-тармақ алынып тасталсын;

18-тармақтағы "сақтау" деген сөздің алдынан "жинау (дайындау)" деген сөздермен толықтырылсын;

I I I т а р а у д а :

3-тармақтағы "тау-кен-шахталық құралдарды" деген сөздерден кейін "металлургиялық, энергетикалық" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақ алынып тасталсын;

3) *күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.28. N 1311 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күн мерзім өткен соң қолданысқа енгізіледі)* Қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі